

А.А. Есекеева^{1*}, К.С. Адилова², А.Қ. Отеуова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Туран университеті, Алматы, Қазақстан

³Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МОДЕЛЬДЕРІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Мақалада қазіргі таңдағы бала құқықтары мен бостандықтарын зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғаудың маңызды нысаны ретінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының құрылым моделінің тиімділігі зерттелген, сондай-ақ бала құқықтары жөніндегі уәкілдер қызметінің шет мемлекеттердегі тәжірибиелер зерделенеді. Авторлар Балалар омбудсмені институтын қалыптастыратын 4 модельді талдай отырып, олардың оң және теріс тұстарын анықтайды, сондай-ақ бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің тиімділігінің критерийлерін қарастырады.

Авторлардың пікірінше, Бала құқықтары жөніндегі Уәкілдің құқықтық мәртебесін арттыруда біріншіден, заңнамалық деңгейде реттеліп, конституциялық заңнамада бекітілуі қажет, екіншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық стандарттарға және қазіргі заманғы мемлекеттік басымдықтарға қайшы келетін құқықтық нормаларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына егжей-тегжейлі мониторинг жүргізген жөн. Себебі Конституцияның 4-бабында көзделген республика бекіткен халықаралық шарттардың нормалары іс жүзінде жүзеге асырылмай отыр. Тиісті мониторингті Қазақстан Республикасы ратификациялаған екіжақты және көпжақты шарттық міндеттемелердің шеңберінде де жүргізу қажет.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының қалыптасуы балаларды қорғау тетіктерінің барлық саласында туындайтын проблемаларды жоюға мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және лауазымды тұлғалардың қызметін ынталандыруға оң әсер етеді. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің негізгі мақсаттары – көмелетке толмағандардың қажеттіліктерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау, Бала құқықтары туралы конвенцияны, балалардың конституциялық құқықтарын сақтау үшін күресу және олардың таралуына ықпал ету.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, шет мемлекеттерде бала құқықтары жөніндегі омбудсмен институты «балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылған, заңнамалық түрде құрылған тәуелсіз орган» ретінде анықталады, сондай-ақ Балалар омбудсмені институты балалардың құқықтарын қорғаудың дербес институты ретінде танылады.

Түйін сөздер: бала құқықтары, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, конвенция, модель, ұлттық заң, омбудсмен, комитет, үкіметтік емес ұйымдар.

A.A. Yessekeeva^{1*}, K.B. Adilova², A.K. Oteuova³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Turan University, Almaty, Kazakhstan

³West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

Models for the formation of the institution of the commissioner for children's rights : domestic and foreign experience

The article examines the effectiveness of the structural model of the institution of the Commissioner for Children's Rights as the most important form of protecting children's rights and freedoms from violence and exploitation, and examines the experience of the commissioners for children's rights in foreign countries. Analyzing the 4 models that form the institution of the children's Ombudsman, the authors identify their positive and negative sides, as well as consider the criteria for the effectiveness of the Commissioner for Children's Rights.

According to the authors, in improving the legal status of the Commissioner for Children's Rights,

to identify legal norms that contradict the Constitution of the Republic of Kazakhstan, international standards and modern state priorities. The fact is that the norms of international treaties ratified by the Republic, provided for in article 4 of the Constitution, are practically not implemented. Appropriate monitoring should also be carried out within the framework of bilateral and multilateral treaty obligations ratified by the Republic of Kazakhstan.

The formation of the institution of the Commissioner for Children's Rights makes it possible to eliminate problems that arise in all areas of child protection mechanisms, and also has a positive effect on stimulating the activities of state bodies, local governments and officials. The main goals of the activities of the Ombudsman for Children's Rights in any country are to defend the needs, rights and interests of minors, to fight for compliance with the Convention on the Rights of the Child, the constitutional rights of children and to promote their dissemination.

As the international experience of the Commissioner for Children's Rights shows, in foreign countries the institution of the Ombudsman for Children's Rights is defined as "a legally established independent body established to protect the rights and interests of children," and the Institute of the Children's Ombudsman is recognized as an independent institution for the protection of children's rights.

Keywords: rights of the child, Commissioner for Children's Rights, convention, model, national law, ombudsman, committee, non-governmental organizations.

А.А. Есекеева^{1*}, К.С. Адилова², А.Қ. Отеуова³

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Туран, Алматы, Казахстан

³Западно-Казахстанский инновационно-технический университет, Уральск, Казахстан

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

Модели формирования института уполномоченного по правам ребенка: отечественный и зарубежный опыт

В статье исследуется эффективность модели структуры института уполномоченного по правам ребенка как важнейшей формы защиты прав и свобод ребенка от насилия и эксплуатации, а также изучается опыт деятельности уполномоченных по правам ребенка в зарубежных странах. Авторы, анализируя 4 модели, формирующие институт детского омбудсмена, выявляют их положительные и отрицательные стороны, а также рассматривают критерии эффективности деятельности уполномоченного по правам ребенка.

По мнению авторов, в повышении правового статуса уполномоченного по правам ребенка необходимо, во-первых, регулироваться на законодательном уровне и закрепляться в конституционном законодательстве, во-вторых, проводить детальный мониторинг законодательства Республики Казахстан с целью выявления правовых норм, противоречащих Конституции Республики Казахстан, международным стандартам и современным государственным приоритетам. Дело в том, что нормы международных договоров, ратифицированных Республикой, предусмотренные статьей 4 Конституции, практически не реализуются. Соответствующий мониторинг также необходимо проводить в рамках двусторонних и многосторонних договорных обязательств, ратифицированных Республикой Казахстан.

Формирование института уполномоченного по правам ребенка позволяет устранить проблемы, возникающие во всех сферах механизмов защиты детей, а также положительно влияет на стимулирование деятельности государственных органов, органов местного самоуправления и должностных лиц. Основными целями деятельности омбудсмена по правам детей в любой стране является отстаивание нужд, прав и интересов несовершеннолетних, борьба за соблюдение Конвенции о правах ребенка, конституционных прав детей и содействие их распространению.

Как показывает международный опыт деятельности уполномоченного по правам ребенка, в зарубежных странах институт омбудсмена по правам ребенка определяется как «законодательно созданный независимый орган, созданный для защиты прав и интересов детей», а также институт детского омбудсмена признается самостоятельным институтом защиты прав детей.

Ключевые слова: права ребенка, уполномоченный по правам ребенка, конвенция, модель, национальное право, омбудсмен, комитет, неправительственные организации.

Кіріспе

Баланың құқықтары – бұл әр баланың нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, тұрғылықты жеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлдіктің немесе өзге де жағдайына қарамастан ие болуға

тиіс құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Елімізде 2024 жылғы ресми мәлімет бойынша балалар саны 6,8 миллионға жетті. Оның ішінде 3,5 млн – ұл, 3,3 млн – қыз бала. Балалардың 59,7% қалалық жерде тұрады (<https://kaz.zakon.kz/>). Жыл сайын балалардың туылуы

көбеюде, 2022 жылмен салыстырғанда қазіргі кезде 200 мың сәбиге артқан. Қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалар саны 3,8 млн.ды құрайды (<https://www.gov.kz/>).

Конституцияда бекітілгендей, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (<https://online.zakon.kz/>) деп танылады. Осы ретте, 6 миллион 800 мың баланың денсаулығын сақтау, жалпы білім алуына жағдайлар жасау, балалардың құқықтарын қорғау, оларды әлеуметтік қолдау – мемлекеттің міндетіне жатады. Мемлекет балалардың өмірінің қолсұғылмауына кепілдік береді.

Бала құқықтарын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Халықтың ең осал санатының – он сегіз жасқа толмаған адамдардың құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында, оның ішінде дәстүрлі емес жыныстық бағдарды насихаттайтын ақпараттан қорғауда үлкен маңызға ие.

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында баланың негізгі құқықтары мен міндеттерін бекіте отырып, балаларды құқықтық қорғау қажеттілігін растады. Бала құқықтарына қатысты бүгінгі күнге дейін 15 халықаралық құжат ратификацияланған. Бірқатар, маңызды құжаттар қатарында 1959 жылғы Бала құқықтары туралы декларация, 1989 жылғы БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясы және 1990 жылғы Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясы ратификацияланған маңызды келісім болып табылады.

Елімізде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты 2002 жылы құрылды. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл аппараты бірнеше жылдар бойы балаларды қорғау жүйесін басым бағытта ілгерілету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келді. Кәметке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу, олардың отбасында, мектептерде және интернаттарда құқықтарын сақтау және т.б. бағыттарда бірқатар жобалар, зерттеулер және басқа да іс-шаралар жүзеге асырған болатын.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл ұғымына 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықтама бе-

рілді. Аталған заңның 1-бабының 8-3 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, өзіне балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі функциялар жүктелетін адам танылады (<https://online.zakon.kz/>). Заңда уәкіл ұғымына берілгенімен, уәкілдің атқаратын функциялары, оның құқықтық мәртебесі айқындалған жоқ.

Тұңғыш Президенттің 2016 жылғы 10 ақпандағы Жарлығымен бала құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясын іске асыру мақсатында алғаш рет Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды (<https://online.zakon.kz/>). Бұл – Мемлекет басшысының ана мен баланы қорғау жөніндегі саясатын жүзеге асыруға бағытталған қадамдардың бірі. Омбудсмен институтының негізінде уәкілдің нақты атқаратын өкілеттіктері бекітілді. Омбудсмен институты еліміздегі балалардың құқығын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіре алды.

Балалар омбудсмені мемлекеттік басқарудың субъектісі бола отырып, баланың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік басқару қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің негізгі мақсаты баланың қадір-қасиетін құрметтей отырып, оның толық және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Уәкілдің қызметі басқа мектеп органдарының функционалдық міндеттеріне қайшы келмейді, олардың күшін жоймайды немесе қайта қарауға әкеп соқпайды және әділдік, жауапкершілік және адамгершілік қағидаттарына негізделеді. Уәкіл қызметінің басым бағыттары білім беру процесіне кәметке толмаған қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Уәкілдің өтініш берушінің және басқа адамдардың жеке өмірі туралы мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

Елімізде Уәкілдің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында емес, тек «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.

Заңгер ғалымдардың көзқарасында, халықаралық стандарттарға сәйкес Бала құқықтары

жөніндегі Уәкілдің құқықтық мәртебесі Конституцияда немесе мемлекеттің жоғары заңнамалық актілерінде бекітілуі тиіс. Қазақстандық омбудсменнің конституциялық мәртебесін бекіту осы демократиялық институттың беделін арттыратыны сөзсіз және қаржылық дербестік қамтамасыз етілген жағдайда Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтарын қорғау институтының қызметіндегі тиімділікке ықпал ететінін атап өткен жөн (Ивлева, 2013). Халықаралық тәжірибеде балалар омбудсмені институттары бала құқықтарын қорғауға қатысты мониторингі қосымша тетік ретінде табысты жұмыс істейді, өйткені адам құқықтарының жаһандық үдерісінде қоғамның осы ең осал санатының құқықтары ерекше орын алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми зерттеуді жазу барысында талдау мен синтез, индукция және дедукция, абстракция, жалпылау әдістерін қамтитын жалпы ғылыми және қатаң құқықтық әдістер, сондай-ақ бұл жұмыста зерттелетін модельдерді салыстырмалы талдауға, олардың негізгі сипаттамаларын анықтауға және соның негізінде сәйкес қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік беретін салыстырмалы құқықтық әдіс қолданылды.

Ғылыми мақалада отандық және шетелдік бірнеше ғалымдардың еңбектері қолданылды, атап айтсақ, А.А. Есекеева, А.Е. Жатқанбаева, С. Әділғазы, Т.В. Ивлева, О.В. Федорова, Е. Кондратьева, Л.В. Кузнецова, М.Ю. Шамрин және т.б. еңбектері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

«Омбудсмен» сөзінің этимологиясы оның скандинавтық түбірін көрсетеді (ескі норсе тілінен – «билік», «нұсқау» (<https://www.un.org/ru/>). Дәл осы сөзді басқа тілдерге «өкіл», «адвокат», «делегат», «адвокат», «өкілетті адам» деп аударуға болады. Дегенмен, бейресми түрде «омбудсмен» термині жиі қолданылады.

Балалар құқықтары жөніндегі омбудсмен құру идеясы 20 ғасырдың екінші жартысында балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау қажеттілігіне жауап ретінде пайда болды. Бала құқықтары жөніндегі алғашқы омбудсмендер әртүрлі елдерде әртүрлі уақытта пайда болды.

Жалпы, Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институты ХХ ғасырда қалыптасып, дамыған елдердің құқықтық жүйелеріне ене бастады.

Сондай-ақ, аталған институттың көптеген модельдері қалыптасты. Мәселен, Польша мемлекетінде уәкіл жеке орган ретінде анықталады, Румынияда халық қорғаушысы титулына ие, ал, Францияда медиатор немесе делдал қызметін атқаратын тұлға деп саналады. Уәкіл алқалы орган ретінде Непал, Австрия, Филиппин елдерінде танылады.

Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институты көптеген елдерде әртүрлі нысанда қалыптасқан. Олардың ішінде федералды, аймақтық, муниципалдық деңгейде ажыратылады. Адам өмірінің негізін құрайтын адам өмірі, денсаулық, білім алу, тұтыну, ер мен әйелдерге қатысты жыныстық теңсіздігін болдырмауды жолға қою мәселелерінде қоғамда әлсіз топтар санатын құрайтын көмелетке толмағандардың мүгедектердің, сондай-ақ, жекелеген санаттарда, жоғары оқу орындарында білім алушылардың, мемлекеттік қызметкерлердің, әскери қызметшілердің, тұтқындардың және т.б. құқықтары мен мүдделерін қорғайтын уәкіл институты пайда болды.

Уәкілдің кәсіби мамандануы азаматтық қоғамның, жалпы халық игілігіне оң әсерін береді, себебі, адам және азамат, оның ішінде балаларға қатысты құқықтар мен бостандықтарды неғұрлым тиімді қосымша қорғауға қажеттілігін айғақтайды. Осылайша, ХХ ғасырдың екінші жартысында мемлекеттер мен әлемдік қауымдастықтар тарапынан балалардың құқықтарын ерекше қорғау қажеттілігі сезіле бастады.

Бала құқықтарының декларациясы 1924 жылғы Женева декларациясының 5 қағидасын 10 қағидаға дейін кеңейтті. Оның Преамбуласында «бала өзінің физикалық және психикалық жетілмегендігіне байланысты туғанға дейін де, туғаннан кейін де тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, арнайы кепілдіктер мен қамқорлыққа мұқтаж» деп атап өтеді. Декларация кез келген негіздер бойынша балаларға қатысты кемсітушілікке жол бермеу туралы айтады (1-тармақ); баланың қалыпты даму құқығы туралы (2-бап); білім алу құқығы туралы (7-акт). Декларацияға сәйкес, бала қатыгездік пен қанаудан қорғалуы керек (9-бап); оған жеткілікті тамақ, тұрғын үй, ойын-сауық және медициналық қызмет көрсету құқығы берілуі тиіс.

Зерттеу көрсеткендей, адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтынан айырмашылығы, балалар омбудсмені әлемдік тәжірибеде салыстырмалы түрде жаңа институт болып табылады. Балалар омбудсмені лауазымы алғаш рет 1981 жылғы 6 наурыздағы «Балалар омбудсмені ту-

ралы» Заңға сәйкес Норвегияда тіркелді және енгізілді, сондай-ақ, қазіргі уақытта 77 елде жұмыс істейді. 1997 жылы Еуропаның 32 елінен балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын ұйымдарды біріктірген Балалар құқықтары жөніндегі Омбудсмендердің еуропалық желісі құрылды. ЕНОС-тың басты міндеттері Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенциясының ережелерін толық орындауға жәрдемдесу, балалардың құқықтарын қолдау қажеттілігі, сондай-ақ оларды қорғау туралы ақпаратты тарату болып табылады (<http://www.crin.org/ru/>). Көптеген дереккөздерде Норвегиялық балалар омбудсмені балалар құқықтарының үлгілі қорғаушысы ретінде сипатталған, ал кейбір елдерде ол тәжірибеде үлгі ретінде қабылданып, қолданылған. Сонымен бірге Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің басқа да үлгілері пайда болды, бұл оның өзектілігі мен әлемдік қоғамдастықта мойындалуының дәлелі болды.

2002 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Декларация мен «Балалардың өміріне жарамды әлем» іс-қимыл жоспарын қабылдағаннан кейін, осы Конвенция ратификацияланған әрбір мемлекет бала құқықтары жөніндегі уәкілдердің қызметтерін құруға міндетті болды (<http://www.un.org/ru/documents/>).

Балалардың құқықтарын қорғауға қатысты саяси жүйенің ерекшеліктеріне, әлеуметтік құрылымы мен азаматтық ұстанымын нақтылау дәрежесіне байланысты халықаралық практикада балалар омбудсмендері қызметінің модельдері мен нысандары ерекшеленеді. Қазіргі әлемдегі демократиялық мемлекеттердің басым көпшілігінде балалар омбудсмені түрлі модельдер (4 модель) негізінде құрылады.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдерді құрудың және оларға өкілеттіктер берудің *бірінші моделі* – парламент қабылдайтын ұлттық заң негізінде (Литва, Норвегия, Швеция, Исландия, Люксембург, Хорватия) Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің институтын құруға негізделген. Литва Республикасында «Балалар омбудсмені туралы» 2000 жылдың 25 мамырында арнайы заң қабылданды. Аталған заңның 4, 5 тармақтарына сәйкес жоғары білікті заңгер мамандығын игерген, Литва қоғамында беделі бар азамат Литва Парламенті Сейммен 4 жылға Омбудсмен қызметіне тағайындалады. Литваның балалар омбудсмені кәмелетке толмағандардың және олардың заңды өкілдерінің өтініштерін қарау, балалардың құқықтарын қорғауға байланысты мекемелердің қызметін қадағалау, сондай-ақ

Уәкіл тарапынан бақылау жүргізу талаптарын орындамайтын тұлғаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқылы.

Литва Республикасының Балалар құқықтары жөніндегі уәкілдің қатысуымен бала мүддесіне қатысты 2010 жылы маусым Литва Сеймінде Азаматтық кодекске неке жасын 16 жасқа дейін көтеру туралы түзетулер енгізілді және сол жылы Литваның Қылмыстық кодексіне кәмелетке толмағандарды өлтіруге оқталғандар үшін жазаны күшейтуге қатысты түзетулер енгізілді. Литвадағы бала құқықтары жөніндегі омбудсмен қызметі айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізе білген. Омбудсмен мәртебесінің жоғары екендігі, іс жүзінде бала мүддесіне қатысты ұлттық заңнамаларды толықтыруда айтарлықтай жауапты орын алатындығы көрінеді (Федорова, 2013).

Қазақстан Республикасындағы Балалар омбудсменінің құрылымы да осы модельді ұстанады. Елімізде балалардың өмір сүруге, білім алуға, әлеуметтік қамсыздандырылуға, медициналық көмекке, демалысқа, қоғамдық өмір және мәдени іс-шараларға қатысты құқықтары заңмен бекітілген. Бала құқықтарын қорғауға қатысты бірқатар нормативтік актілер қатарына «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Заңы (<https://online.zakon.kz/>), «Білім туралы» Заң (<https://online.zakon.kz/>), «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы (<https://online.zakon.kz/>), «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы (<https://online.zakon.kz/>), «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы (<https://online.zakon.kz/>), «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» ҚР Заңын (<https://online.zakon.kz/>) жатқызуға болады.

Литва мемлекетінің тәжірибесіне сүйене отырып, елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және т.б. актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында заң шығармашылық қызметке балалар уәкілінің міндетті түрде қатысуы тиіс деп санаймыз. Өйткені, қоғамда балалар үлкендер тарапынан заңсыз қанауға, қорлау мен зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайды. Кейбір жағдайларда балаларға қатысты зорлық-зомбылық суицидке себеп болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНИСЕФ балалар қоры жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес

Қазақстан кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтен өлім көрсеткіші бойынша әлемде екінші орында екенін көрсетті. 2024 жылы 5 пен 18 жас аралығындағы балалар арасында 2 389 суицид оқиғасы орын алған. Бас прокуратураның мәліметі бойынша балалардың суицид жасауының негізгі себептеріне жалғыздық, ата-анасымен немесе туыстарымен орын алған қақтығыстар, тұрмыстық жағдайының төмендігі, ауыр соматикалық аурулар, әлеуметтік мәртебесін жоғалтуы, жазадан қорқу жағдайлары жатады (<http://pravstat.prokuror.kz/rus>).

Литва мемлекетінің бала құқықтарын қорғауға қатысты ұстаным моделінде Бала құқықтары жөніндегі уәкілдерге айрықша құқықтар берілген. Олар балалардың мүдделеріне қатысты кез-келген мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарымен етене тығыз жұмыстар атқарып, заң шығару процесіне қатысу мүмкіндіктері берілген. Қазақстан Республикасында да Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің ауқымын кеңейту қажет.

Екінші модель – баланың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға негізделеді. Мұнда бала құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңнаманың орындалу ерекшеліктері ескеріледі, балалар омбудсменінің конституциялық мәртебесі бекітіледі. Омбудсмен функциялары тиісті заңның (Дания, Австрия, Жаңа Зеландия елдерінде) орындалуымен және орындалуын бақылаумен тікелей байланысты. Мәселен, Польшада балалар омбудсменінің қызметі Польша Республикасының Конституциясында, Австрияның федералдық конституциялық заңында бекітілген. Польшада омбудсмен жыл сайын 400 сот ісіне қатысады, оның өкілеттіктерін прокурордың өкілеттіктерімен салыстыруға болады (<https://zn.ua/personalities/>).

Польша Республикасының Балалар омбудсмені өзінің қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдардан барлық қажетті ақпаратты сұратуға құқылы (Кондратьева, 2003).

Австрияда бала құқықтары «Кәмелетке толмағандардың ісін қарау туралы», «Жастар ісі туралы» және «Балаларды жұмыспен қамту туралы» Федералдық заңдарында Заңында қамтылған. Балалар омбудсмені бала құқықтары, олардың теңдік құқықтарына, зорлық-зомбылықтан қорғауға, сөз бостандығына қатысты семинарларды жүйелі түрде өткізеді. Сондай-ақ, Омбудсмен бала мүддесіне қатысты құқық қорғау органдарының қызметіне тікелей қатыса

алады. Венадағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің ұсынысы бойынша жастарға темекі және алкоголь сатуға тыйым салуға байланысты Жастарды қорғау туралы заңға өзгертулер енгізілді, жастар мен жас отбасылардың игілігі үшін Құрылыс кодексінің нормалары жетілдірілді.

Австриядағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің ерекшелігі – оған ешқандай билік өкілеттігі берілмеген, ол азаматтардың құқықтарын бұзған шенеуніктерге қатысты іс қозғай алмайды, оның міндеттеріне бұзылған құқықтарын қалпына келтіру емес, балалардың құқықтарын бұзудың алдын алу міндеті кіреді. Омбудсменнің басты міндеті – балалар құқығын қорғау, мемлекеттік билік органдарымен диалог жүргізу болып табылады.

Австрия, Польша мемлекеттерінің Бала құқықтары уәкілі қызметінің құрылымын саралай келе, Қазақстан Республикасында «Балалар омбудсмені туралы» заң қабылдау қажет деген тұжырымға келдік.

Қазақстан Республикасында Балалар омбудсменінің құқықтық мәртебесін, оның қызметінің кепілдіктерін, лауазымға тағайындау және қызметтен босату тәртібін, басқа да мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ республиканың әр аумағы субъектілеріндегі бала құқықтары жөніндегі уәкілдермен өзара іс-қимылдың принциптері мен нысандарын бекіту қажет (Есекеева, 2024). Балалар омбудсменінің конституциялық мәртебесін бекіту бұл демократиялық институттың беделін арттырып, оның қоғамда танымал болуына ықпал етері сөзсіз.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымын тағайындаудың *үшінші моделі* – қолданыстағы мемлекеттік органдар шеңберінде құрылады, мұндай омбудсмендер мемлекеттік органның штаттық қызметкері болып табылады және және басшыға есеп береді. Бұл модель Канада, Испания, Дания, Германия сияқты мемлекеттерде көрініс табады.

Даниядағы Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл алқалы орган – Ұлттық комитет (немесе Ұлттық кеңес), ол 1994 жылы құрылған. Ұлттық комитет – Әлеуметтік істер министрлігі құрамында орналасқан тұрақты, тәуелсіз, мемлекет қаржыландыратын орган. Ұлттық комитет сонымен қатар мемлекеттік органдар жүйесіндегі бақылаушы орган болып табылады. Комитет қызметінің негізгі бағыттары: қоғамдағы балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау, балалардың қоғамдағы жағда-

йы және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы үкімет пен парламентті ақпараттандыру және консультациялар беру, балалардың құқықтарын қадағалау, жаңа заңдарға бастамашылық ету және балалар мәселелері бойынша ұлттық талқылаулар, кәметке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын заң жобаларына сараптама жасау. Дегенмен, Даниядағы балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі алқалы органның сан қырлы қызметіне қарамастан, Ұлттық комитет жұмысында айтарлықтай олқылық бар. Бүгінде Ұлттық комитет балалар құқықтарының бұзылуына қатысты нақты арыздарды қарауды жүзеге асыруда. Кәметке толмаған адам Комитет мүшелеріне олардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау туралы өтінішпен жүгіне алады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитеті мұны елеулі олқылық деп атады, бірақ ол Даниядағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын адам құқықтарын қорғау институты ретінде төмендетеді (Кузнецова 2001).

Комитет балалардың қоғамдық-әлеуметті жағдайы, олардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша Дания Үкіметі мен Парламентіне ақпарат береді. 2012 жылы Комитет тарапынан балалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты Дания мемлекетінің Әділет министрлігі жанындағы Қылмыстық-құқықтық істер жөніндегі комитетінің, сондай-ақ Әлеуметтік қорғау министрлігінің құқық шығармашылық қызметіне ескертулер жасалып, бұл ескертулер мемлекеттің билік органдарының қабылдайтын заң жобаларында ескерілді (Федорова, 2013). Даниядағы Бала құқықтары жөніндегі ұлттық комитеттің құқықтық табиғаты жоғарыда қарастырылған мемлекеттерге қарағанда ерекше. Көп жағдайда мемлекеттік органдардың яғни, парламенттің, үкіметтің қызметін бақылау басым сияқты. Біздің пікірімізше, кәметке толмағандардың құқықтары лауазымды адамдардың қандай да бір әрекеттерімен бұзылған жағдайда олардың жеке шағымдарын қарау тетігін әзірлеу қажет.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілді құру мен оның қызметінің *төртінші моделі* – (Финляндия, Израиль және т.б.) үкіметтік емес ұйымдарды құру тетігімен ерекшеленеді (Шамрин 2013). Финляндия мемлекетінде балалар омбудсмендері нақты істерді қарауға, оның ішінде сот отырыстарында сарапшы ретінде қатыса алады. Ресейлік ғалым Л.В. Кузнецова бұл модельді демократиялық сипаттағы модель деп бағалайды. Бұл модель бойынша балалар омбудсмені

мемлекеттік органдардың шешімдеріне ықпал ете алмайды, олардың құқықтық мәртебесі мен қызметі ресми бекітілмеген (Кузнецова, 2001).

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл үкіметтік емес ұйым болып құрылған кейбір қазіргі заманғы мемлекеттер бұл модельді тиімсіз деп санағандықтан (мысалы, Финляндия) одан бас тартты. Финляндияда Омбудсмендермен қатар кәметке толмағандар істері жөніндегі әділет жүйесі жоғары мәртебеге ие.

Финляндиядағы кәметке толмағандар істері жөніндегі әділет – бұл Финляндиядағы балалардың құқықтарын қорғауға арналған сот-құқықтық жүйе, сондай-ақ кәметке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар бойынша сот төрелігі. Финляндиядағы кәметке толмағандарға қатысты әділет жүйесі БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының балаларды қорғау, олардың денсаулығын қорғау, олардың заңды құқықтары мен балаларға қатысты қылмыстық заңнамасы туралы негізгі ережелеріне негізделген, олар «Балаларды қорғау туралы» Заңда (қазіргі уақытта № 417 акт 2007 ж. бастап күшіне енген), сондай-ақ 2007 жылғы 20 қаңтардан бастап күшіне енген. осы Заңға, атап айтқанда, балаларды әлеуметтік қорғау шараларын айқындайтын «Баланы асырау және оларға бару туралы» Заңға (1983 ж. № 361) түзетулер енгізілді. 2015 жылғы 1 сәуірде «Әлеуметтік қызметтер туралы» жаңа заң күшіне енді, оның мақсаты «балалы отбасыларға уақтылы көмек алуды жеңілдету, сондай-ақ отбасын қолдаудың қысқа мерзімді тиімді шараларының қолжетімділігіне кепілдік беру» болып табылады.

Ал, Израиль мемлекетінде 1990 жылдан бері Бала құқықтары жөніндегі уәкіл үкіметтік емес ұйымның атынан жұмыс істейді. Жалпы, Израильдегі Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне баға беру қиынға соғады. Ресми сайттарда уәкілдердің бала құқықтарын қорғауға қатысты қажетті деректер жоқ. Халықаралық балаларды қорғау желісі (CRIN) in Mothers веб-сайтында бала құқықтарына қатысты жалпы мәлімет берілгенмен, Израильдегі балаларды қорғау жағдайына қатысты деректер қамтылмайды. Израиль омбудсмен институты туралы ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, елде кәметке толмағандарға күш көрсету, дене жарақаты немес денесіне зақым келтіру қылмыстарымен күрес қатаң жүргізіледі. Мектептерде бала денсаулығына зақым келтіру жазалары 2000 жылғы Білім алушылардың құқықтары туралы заңмен тыйым салынған. Осыған қарамастан, бұл елде бала құқықта-

рының бұзылуы азаймаған. Израильдің Балалар құқықтарын қорғау комитеті балаларға қатыгездікпен қарау, зорлық-зомбылықтың алдын алудың ұлттық стратегиясын әзірлеуді ұсынады.

Біздің пікірімізше, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің төртінші моделі өзге модельдерге қарағанда мемлекеттер үшін тиімсіз. Біріншіден, бұған кейбір мемлекеттердің осы модельден бас тартуы және заң актісі негізінде балалар омбудсменінің құқықтық жағдайын бекітуі дәлел. Екіншіден, бұл модельді ұстанатын Израиль мемлекетіндегі бала құқықтарын қорғау органының қызметі туралы ақпараттың жоқтығы, бала құқықтарының нашар жай-күйі Израиль омбудсменінің өкілеттіктерінің қысқа екендігін, жұмысының нәтижесі өнімді емес екендігін байқатады.

Әлеуметтік осал топтың қатарына жатқызылатын балалардың құқықтық жағдайы күрделі институт болып табылады, оның маңызды элементтері адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері ғана емес, сонымен қатар оларды жүзеге асыру кепілдіктерінің жүйесі болып табылады.

Қорытынды

Зерттеуде балалар омбудсмені құрылымының қалыптасу модельдерін саралай келе Дания, Польша, Австрия сияқты мемлекеттердің бала құқықтарына қатысты саясаты мен заңнамалық қызметінің, Балалар омбудсмені институтының тәжірибесі зерделенді.

Осы орайда еліміздегі Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының қалыптасуына қатысты келесідей бірқатар ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Литва, Норвегия, Швеция сияқты ұлттық заң негізінде Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің институтын құруға негізделген мемлекеттердің моделінің (бірінші модель) тиімді тұсы – Балалар омбудсменінің заң шығарушы органдармен бірлесе отырып, құқық шығармашылық қызметке тікелей қатысуы болып табылады. Осы тұста, Қазақстан Республикасында да балалардың мүддесін қорғауда Балалар омбудсменінің Парламенттегі заң шығару жұмыстарына араласып, қатысуы міндеттелуі тиіс деп санаймыз. Бұл мемлекеттік органдар мен

қоғамдық ұйымдардың бала құқықтарының өзекті мәселелерін, оның ішінде отбасылар мен білім беру және өзге де ұйымдардағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жоюды шешу үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ең тиімді тетіктердің бірі болары анық.

2. Зерттеуде аталған модельдердің ішінде Балалар омбудсменінің құқықтық мәртебесі конституциялық деңгейде реттеу моделі біздің елімізге қажетті әрі жақын модель деп санаймыз. Ұсыныс ретінде біз Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтына дербес мәртебе беруді, балалар омбудсменінің өкілеттіктерін кеңейтуді орынды деп санаймыз. Өкінішке орай, бізде Уәкілдің құқықтық мәртебесі тек «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.

4. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын жетілдіруде Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық стандарттарға және қазіргі заманғы мемлекеттік басымдықтарға қайшы келетін құқықтық нормаларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына егжей-тегжейлі мониторинг жүргізген жөн. Себебі, Конституцияның 4-бабында көзделген республика бекіткен халықаралық шарттардың нормалары іс жүзінде жүзеге асырылмай отыр. Тиісті мониторингті Қазақстан Республикасы ратификациялаған екіжақты және көпжақты шарттық міндеттемелердің шеңберінде де жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының жаңа институт екендігін ескере отырып, уәкілдің мәртебесін заңнамалық деңгейде бекіту және Бала құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесінің өзінің уәкілетті қызметі шеңберінде заң шығару бастамасы құқығын айқындау қажет. Сондай-ақ, республикалық және жергілікті бюджеті айқындайтын Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс. Өйткені, құқықтық көрсеткіштер тиісті кезеңдерге арналған республикалық бюджетке арналған актілерде көзделуі тиіс.

Осындай ауқымды шаралар жүзеге асырылғанда ғана бала құқықтары уәкілі институтының мәртебесі артатын анық.

Әдебиеттер

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2025.02.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920

Европейская сеть уполномоченных по правам детей [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.crin.org/ru/>

Есекеева А.А., Жатқанбаева А.Е., Әділғазы С. Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі. ҚазҰУ Хабаршысы, Заң сериясы. No1 (109). 2024 ж. 41 б. URL: <https://bulletin-law.kaznu.kz>

Ивлева, Т. В. История становления института детского омбудсмена в России и зарубежом // Вестник Башкирского университета. – 2013. – Т.18. –№2. – С. 589.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-II Қазақстан Республикасының Заңы (2025.11.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51049318

Кондратьева Е. Уполномоченный по правам ребенка (опыт Республики Польша) // Международно-правовые чтения. 2003. No 1.

Конвенция о правах ребенка (одобрена Генеральной Ассамблеей ООН 20.11.1989) (вступила в силу для СССР 15.09.1990) // Ведомости Съезда народных депутатов СССР и Верховного Совета СССР. – 1990. – 7 нояб. – № 45. – Ст. 955

КПСиСУ Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. URL: <http://pravstat.prokuror.kz/rus>

Кузнецова Л.В. Международный опыт создания и развития независимого механизма соблюдения и защиты прав детей / Л.В. Кузнецова // Права ребенка. Институт Уполномоченного по правам ребенка в Российской Федерации : опыт, проблемы, теоретические модели, нормативно-правовая база/ под общ. Науч.ред. Г.Н. Кареловой. –М.: Благотворительный фонд «Альтернативное образование», 2001. -187 с.

Қазақстанда қанша бала бар – ресми статистика. Zakon.kz. URL: <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyyny/6043485-azastanda-ansha-bala-bar--resmi-statistika.html>

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2025.11.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460

«Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» ҚР Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығы. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34505722#activate_doc=2

«Мир, пригодный для жизни детей: Декларация и План действий» (Приняты резолюцией S-27/2 специальной сессии Генеральной Ассамблеи ООН 10 мая 2002 года) [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.un.org/ru/documents/>

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы (2025.22.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661178

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2025.11.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277

Орта білім. Мемлекеттік білім басқармасы. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/273?lang=kk>

«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 113-II Қазақстан Республикасының Заңы (2025.11.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51020941

Федорова О.В. Краткая характеристика деятельности уполномоченных по правам ребенка в некоторых зарубежных странах. Право и законодательство. Известия ИГЭА, 2013. № 6 (92). С.134-135.

Польский детский омбудсмен Марек Михалык: «Деятельность по защите детей для нас естественна» [Электронный ресурс] // Режим доступа: 10.25136/2306-9899.2018.4.27574 Международное право, 2018 – 4 URL: <https://zn.ua/personalities/>

Шамрин М.Ю. Защита прав детей: административно-правовой аспект // Евразийский юридический журнал, 2013, No 3.

References

Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy «Bilim turaly» 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319-III (2025.02.03. berilgen özgerister men tolyqytyrularymen) [Law No. 319-III of the Republic of Kazakhstan “Education” dated July 27, 2007 (issued on February 3, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920

Evropejskaja set’ upolnomochennyh po pravam detej [European Network of Commissioners for Children] [Jelektronnyj resurs]. (n.d.). <http://www.crin.org/ru/>

Esekeeva, A. A., Zhatkanbaeva, A. E., & Әділғазы, S. (2024). Qazaqstan Respublikasyndagy bala quyqytary zhonindegi uәkil-din quyqytq martebesi [The legal status of the Ombudsman for Children in the Republic of Kazakhstan]. QazUU Habarshysy, Zang serijasy [Bulletin of KazNU, Law Series], No1 (109), 41. <https://bulletin-law.kaznu.kz>

Ivleva, T. V. (2013). Istoriya stanovleniya instituta detskogo ombudsmena v Rossii i zarubezhom [History of the formation of the children’s ombudsman institute in Russia and abroad]. Vestnik Bashkirskogo universiteta, 18(2), 589.

Kameletke tolmagandar arasyndagy quyqyq buzushylyqtardynq profilaktikasy men balalardynq qadagalausyz zhane panasyz qaluynynq aldyn alu turaly 2004 zhylygy 9 shildedegi № 591-II Qazaqstan Respublikasynyñ Zangy (2025.11.01. berilgen özgerister men tolyqytyrularymen) [Law of the Republic of Kazakhstan No. 591-II of July 9, 2004, on the prevention of juvenile delinquency and

the absence of children from supervision and homelessness (as amended November 1, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51049318

Kondrat'eva, E. (2003). Upolnomochennyj po pravam rebenka (opyt Respubliki Pol'sha) [The authorized representative of the child (the experience of the Republic of Poland)]. Mezhdunarodno-pravovye chtenija, (1).

Konvencija o pravah rebenka (odobrena General'noj Assambleej OON 20.11.1989) (vstupila v silu dlja SSSR 15.09.1990) [Convention on the rights of the child (approved by the UN General Assembly on November 20, 1989; entered into force for the USSR on September 15, 1990)]. Vedomosti Syezda narodnykh deputatov SSSR i Verkhovnogo Soveta SSSR, 7 November, (45), 955.

KPSiSU General'noj prokuratury Respubliki Kazahstan [KPSiSU General Prosecutor's Office of Respublika Kazakhstan]. (n.d.). <http://pravstat.prokuror.kz/rus>

Kuznecova, L. V. (2001). Mezhdunarodnyj opyt sozdaniya i razvitiya nezavisimogo mehanizma sobljudenija i zashhity prav detej [International experience of creation and development of independent mechanism of observance and protection of children's rights]. In G. N. Karelov (Ed.), Prava rebenka. Institut Upolnomochennogo po pravam rebenka v Rossijskoj Federacii: opyt, problemy, teoreticheskie modeli, normativno-pravovaja baza (pp. 1–187). Blagotvoritel'nyj fond «Al'ternativnoe obrazovanie».

Qazaqstanda qansha bala bar – resmi statistika [How many children are there in Kazakhstan – official statistics]. Zakon.kz. (n.d.). <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6043485-azastanda-ansha-bala-bar--resmi-statistika.html>

Qazaqstan Respublikasynyng Konstitucijasy 1995 zhylgy 30 tamyz (2022.19.09. berilgen ozgerister men tolyqtyrularymen) [Constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995 (with amendments and additions issued on September 19, 2022)]. (n.d.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029

«Qazaqstan Respublikasyndagy balanyng quqyqtary turaly» Qazaqstan Respublikasynyng 2002 zhylgy 8 tamyzdagy № 345-II Zangy (2025.11.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan No. 345-II dated August 8, 2002 “On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan” (with amendments and additions as of November 1, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460

«Qazaqstan Respublikasynda Bala kыkyrtary zhonindegi uәkil institutyn quru turaly» QR Prezidentining 2016 zhylgy 10 aqpanydgy № 192 Zharlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 192 dated February 10, 2016 “On the Establishment of the Institute of the Ombudsman for the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan”]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34505722#activate_doc=2

«Mir, prigodnyj dlja zhizni detej: Deklaracija i Plan dejstvij» (Prinjaty rezoljuciej S-27/2 special'noj sessii General'noj Assamblei OON 10 maja 2002 goda) Jelektronnyj resurs [A World Fit for Children: Declaration and Plan of Action (Adopted by Resolution S-27/2 of the Special Session of the UN General Assembly on May 10, 2002)] // <http://www.un.org/ru/documents/>

«Memlekettik zhastar sajasaty turaly» Qazaqstan Respublikasynyng 2015 zhylgy 9 aqpanydgy № 285-V Zangy (2025.22.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan “On State Youth Policy” dated February 9, 2015 No. 285-V (with amendments and additions as of January 22, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661178

«Neke (erli-zajjyptylyq) zhane otbasy turaly» Qazaqstan Respublikasynyng 2011 zhylgy 26 zheltoqsandagy № 518-IV Kodeksi (2025.11.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [Code of the Republic of Kazakhstan No. 518-IV dated December 26, 2011 “On Marriage (Matrimony) and Family” (as amended and supplemented on November 1, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277

Orta bilim. Memlekettik bilim basqarmasy [Secondary Education. State Education Department]. (n.d.). <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/273?lang=kk>

«Otbasy ulgisindegi balalar auyly zhane zhasospirimder yjleri turaly» 2000 zh. 13 zheltoqsandagy № 113-II Qazaqstan Respublikasynyng Zangy (2025.11.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrularymen) [Law of the Republic of Kazakhstan No. 113-II dated December 13, 2000 “On Family-type Children's Villages and Youth Homes” (as amended and supplemented on November 1, 2025)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51020941

Fedorova, O. V. (2013). Kratkaja harakteristika dejatel'nosti upolnomochennyh po pravam rebenka v nekotoryh zarubezhnyh stranah [Brief description of the activities of the ombudsmen for the rights of the child in some foreign countries]. Pravo i zakonodatel'stvo, Izvestija IGJeA, (6)92, 134-135.

Pol'skij detskij ombudsmen Marek Mihaljak: «Dejatel'nost' po zashhite detej dlja nas estestvenna» [Polish children's ombudsman Marek Michalak: “Activity for the protection of children for us naturally”] [Jelektronnyj resurs]. (2018). Mezhdunarodnoe pravo, (4). <https://zn.ua/personalities/>

Shamrin, M. J. (2013). Zashhita prav detej: administrativno-pravovoj aspekt [Protection of children: administrative and legal aspect]. Evrazijskij juridicheskij zhurnal [Eurasian legal journal], (3).

Авторлар туралы мәлімет:

Есекеева Айнаш Акимсәловна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің 3 курс докторанты, (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ainash.akim@gmail.com);

Адилова Култай Ағытаевна – заң ғылымдарының кандидаты, Туран университеті Құқық Жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kultay.adil@gmail.com);

Отеева Ақжамал Кадыржановна – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Қазақстан, Орал қ., e-mail: oteuovu@mail.ru).

Information about the authors:

Yesekeeva Ainash Akimsalovna – 3rd year doctoral student of the Faculty of Law of the Kazakh National University named after Al-Farabi, (Kazakhstan, Almaty c., e-mail: ainash.akim@gmail.com);

Adilova Kultay Agytaevna – Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Higher School of Law of Turan University (Kazakhstan, Almaty c., e-mail: kultay.adil@gmail.com);

Oteuova Akzhamal Kadyrzhanovna – master of jurisprudence, senior lecturer at the West Kazakhstan Innovation and Technology University (Kazakhstan, Uralsk c., e-mail: oteuovu@mail.ru).

Сведения об авторах:

Есекеева Айнаш Акимсаловна – докторант 3 курса юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ainash.akim@gmail.com);

Адилова Култай Агытаевна – кандидат юридических наук, доцент Высшей школы права Университета Туран (Алматы, Казахстан, e-mail: kultay.adil@gmail.com);

Отеуова Акжамал Кадыржановна – магистр юридических наук, старший преподаватель Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан, e-mail: oteuovu@mail.ru).

*Тіркелді: 7 мамыр 2025 жыл
Қабылданды: 15 маусым 2025 жыл*